



Автор: Темірбекқызы Баршагүл

Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

Сынып: 5-сынып


Бөлім: Ақпарат және оны өңдеу

Тақырып: Программалық қамтамасыз ету

Сабаққа негізделген оқу мақсаты	5.1.2.1 -« программалық қамтамасыз ету » ұғымын түсіндіру
Сабақ мақсаттары	-Программалық қамтамасыз ету ұғымын түсінеді; -Операциялық жүйе туралы түсінік алады; -Операциялық жүйенің логотипін ажырат аалады.
Бағалау критерийі	-«Бағдарламалық қамтамасыз ету» ұғымына анықтама береді -Компьютерлік бағдарламалардың бағдарламалық қамтамасыз ету типін анықтайды
Тілдік мақсат	-«Бағдарламалық қамтамасыз ету» ұғымына анықтама береді - түрлі формада ұсынылған ақпаратқа мысалдар келтіре алады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (3 минут)	<i>1 Ұйымдастыру кезеңі (психологиялық ахуал орнату)</i> Топқа бөлу « Атасының баласы... » Сыныптағы ата - әжелерінің балаларын шығарып (оқушы санына қарай) қалай еркелететіндігіне байланыста лидер тағайындап сан аралық санамақ секілді оқушылар сыныптастарын еркелетеді. Мысалы: қошақан, құлыншақ, қошақан, құлыншақ... Осылайша әр лқушы өзі еркелеткен сыныптасының тобына барады. 1топ - 2топ -	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (20 минут)	<p><i>II Үй тапсырмасын тексеру «Данышпан үкі»</i> Оқушылар үлестірілмелі қағаздарда көрсетілген өткен тақырыпқа байланысты термин сөздерге түсіндірме жүргізеді.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Клод Шеннон -Ақпаратты жеткізу жылдамдығы -Мәтіндік хабардың ақпараттық көлемі -Ақпараттың өлшем бірліктері -Кб пен Мб айырмашылығы мен ұқсастығы <p><i>III Жаңа тақырыпты ашу «Адасқан әріптер»</i> Әріптерден сөз құрастырады: «ПРОГРАММАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ»</p> <p><i>IV Жаңа тақырыпты түсіндіру</i> Жаңа тақырыптың материалын интерактивті тақта арқылы көрсетемін. Компьютер іске қосылған соң , ол жүктелгенге дейін біраз күту керек екенін білесіңдер. Бұл компьютерге жүйелік программалық жабдықтаманы жүктеу үшін уақыт керек екенін білдіреді. Жүйелік ПЖ –ға мына программалар жатады : Операциялық жүйе-ол компьютердің қондырғылары мен программалық жабдықтамаларының жұмысын басқарады. Операциялық жүйені өндіріс орнының директоры мен салыстыруға болады. Драйверлер – компьютерге қосылған түрлі құрылғылардың жұмыс істеуі үшін қажетті программалар. Мәселен, компьютерге жаңа принтер қостық делік. Операциялық жүйе осы принтермен жұмыс істеуі үшін оған программа-драйвер керек. Драйверді-құрылғының компьютермен араласу тілі десек болады. Әдетте құрылғылардың драйверлері олармен бірге дискілерге жазылып таратылады. Утилиталар – компьютерге мұрағаттау, дискілердегі ақпараттың бұзылмауын тексеру, қажетті файлдарды іздеу сияқты қызметтер көрсететін шағын программалар.</p> <p><i>V Топтық жұмыс:</i> 1топ: -Жүйелік программалық жабдықтамаға қандай программалар кіреді? Операциялық жүйе деген не? 2топ:-Қолданбалы жүйелік программалар дегеніміз не? Қолданбалы программаларға қандай программалар кіреді? Практикалықжұмыс 1-Тапсырма 1.Көрсетілген компьютерлік бағдарламаларды қамтамасыз ету типіне сәйкес бөліп жазыңыз.</p> 	
Сабақтың соңы (17 минут)	<p><i>VI Сабақты бекіту «Ұшақ»</i> әдісі ұшақтың қанатына жаңа тақырып бойынша сұрақтар жазып екі топ өзара ұшақты ұшырып, алмасады және өзіне ұшып келген сұраққа жауап береді.</p> <p><i>VII Кері байланыс «Мұғалімге жеделхат»</i> әдісі сабақ барысында түсініксіз болған ақпараттар мен сабақтағы ұнамды сәттерді конвертке түсіріп, почта жәшігіне салады.</p> <p><i>VII Үй тапсырмасын беру</i> <i>74 бет «Талдау» деңгейі бойынша салыстырма жүргізіп келу.</i></p>	